

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ТІЛ ҚҰРАЛ» ЕҢБЕГІНДЕГІ МӘТІН ТЕОРИЯСЫ КӨРІНІСТЕРІ

ҚҰРМАН Н.Ж. 

Құрман Несібелі Жәкенқызы – Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.В.Ломоносов атындағы ММУ Қазақстан филиалы, Астана қ., Қазақстан

E-mail: [nessibeli\\_k@mail.ru](mailto:nessibeli_k@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-5757-9031>

**Аңдатпа.** Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл Құрал» еңбегіндегі синтаксистік бөлімінде берілген мәтін теориясының көріністері талдауға түсіріледі. Мәтін теориясының тіл білімінің саласы ретінде ХХ ғасырдың 50 жылдарынан бастап қалыптаса бастағаны белгілі. Ал Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл Құрал» кітабы ХХ ғасырдың бас жағында жазылғанымен, ондағы мәтіннің тілдік ерекшеліктері талдануы сөйлем синтаксисі мен мәтін грамматикасының арасындағы әлі де болса айқындалмай келе жатқан тілдік құбылыстың көріністерін тануға жол ашады. Сөйлемдердің мәтінқұраушылық қызметіндегі ерекше логикалық байланыстар белгілі бір мәтінді ғана емес, жалпы мәтіндерді құраудағы маңызды орын алатын тілдік ережелер ретінде танылуында нақты тілдік үлгілердің мысалында талдануы маңызды. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлының еңбегіндегі мәтінқұраушылық байланыстардың терең талданып, ерекшеліктері айқындалуы тиіс. Бұл мәселені қарастыруда заманауи лингвистиканың дамып келе жатқан салаларының нәтижелеріне сүйеніп, жаңаша көзқарастар тұрғысынан талдау жасауға ұмтылыс жасау нәтижесінде Ахмет Байтұрсынұлының мәтін теориясының негізін салғанын көрсету керек. Сөйлемдердің күрделі синтаксистік тұтастық құраудағы қызметін және олардың біртіндеп мәтін құратын ірі компоненттерге айналуын бақылау және олардың тұтас ой құраудағы «ізін» анықтау маңызды.

**Түйін сөздер:** Ахмет Байтұрсынұлы, «Тіл Құрал», мәтінқұраушылық қызмет, ерекше логикалық байланыс, мәтін теориясы.

### Кіріспе

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің синтаксис саласының іргесін қалап, терминдік жүйесін бірден жоғары деңгейге көтеріп, анықтама, талдау үлгілерін өз заманындағы белгілі лингвистер деңгейінде жүргізген еңбегі «Тіл Құрал» кітабының өлшеуге сыймайтын құндылығы әлі де болса түрлі қырдан талдау жасап, тереңдей тануды қажет етеді. Фердинад де Соссюрдің тілді жүйелердің жүйесі ретінде анықтап, жүйелік қасиетін тілдің базалық қасиеті ретінде сипаттағаны белгілі. Ал жүйенің ерекшелігі ондағы тіл бірліктерінің бірлескен, белгілі бір тақырыптық, мағыналық аяға ұйысып қана адамға түсінікті мәнді білдіру үшін атқаратын қызметімен танылатындығында.

Жеке-дара тұрған тіл бірлігінің дербес сипаты танылғанымен, оның жаңа бір жоғары тіл бірлігін құрауға енген кездегі беретін мағыналық сәулесін жеке дара тұрып көрсете алмайды. Төмен деңгейдегі тіл бірліктері өзара мағыналық, мәндік, грамматикалық жағынан ұйыса келе, өздерінен жоғары тұрған тіл бірлігін құрауға қатысып, нәтижесінде өздерінен ірі жаңа бірлік құрғанда әрбір жекелеген бірліктің өзіндік болмысы толайым көрініп тұрмайды, басқа бірліктермен бірігуі процесінде жаңа мағыналық өріс пайда болады. Сондықтан сөйлемді сөздердің бірігуінен ғана тұратын жүйе деп тікелей қабылдай алмаймыз, немесе дәл солай мәтінді де сөйлемдерден құралған ірі бірлік деп қана қабылдай алмаймыз.

Сөйлеу не жазу тақырыбының сәулесі әрбір сөйлемге, оны құрайтын әр сөз тіркесіне, сөздерге, тіпті әрбір шылау мен жалғау, жұрнақтарға да түсіп тұратындықтан, тіл бірліктерінің құнарында барлық сөйлеу жағдаяттарына сай келетін мағынаны бере алатын керемет мүмкіндігі бар екенін мойындаймыз. Кіші тіл бірліктерінің сондай керемет мүмкіндіктері немесе қасиеттері тек мәтін деңгейінде ғана ашылып, көрініс береді.

Осындай тұрғыдан тіл бірліктерін қарастыруда Ахмет Байтұрсынұлының барлық дерлік тіл бірліктерін сипаттап, терминдік келбет жасап, ерекшеліктерін, қызметін талдап көрсетуде қолданған жолы олардың барлығының тек қана ірі тұтастықты – мәтінді құрауға даяр тұрған болмысын, яғни реляциялық жүйелік сипатында көрсету болған деп сеніммен

айта аламыз. Оны Ахмет Байтұрсынұлы «Сөйлем жүйесі» деп аталатын тақырыппен берілген мәтінде айқын көрсеткен.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Адамның ойлау әдісінің бір ерекшелігі күрделіні қарапайым арқылы түсіндіруге ұмтылуы екендігі ғылыми әдебиеттерде көп жазылып та, айтылып та келеді. Ал тіл жүйесіндегі әрбір деңгейдегі тіл бірліктерінің мәтінқұраушылық функциясы да осы үлкен ойды жинақтап, «сырты күміс, іші алтын» етіп сыртқа шығаруға даяр екендігімен байланысты.

Тіл ғылымында мәтіннің табиғатын тану теориясының жүріп өткен жолын ізерлей отырып қарап өткенде бірқатар маңызды мәселелерді аңдай аламыз. Ең алдымен, мәтінді ХХ ғасырдың 60-70 жылдары қарқынды түрде зерттеу жүргізілгенін атап кету керек. Бұл кезеңдегі мәтіннің құрамы, негізгі бірліктер, типологиясы, функциясы ерекше назарда болды. Мәтінді сөйлемдердің тізбегінен құралған ірі бірлік ретінде танып, оның құраушылары болған сөйлемді талдау әдісімен, мәтінді де талдау жүргізілгені белгілі. Мәтіннің басты қасиеті оның тұтастығы мен байланыстылығы түрлі қырдан зерттеліп, мәтіннің тілдік ерекшеліктерін талдауға басым назар аударылды. Сөйлемдерді мәтінқұраушы бірлік ретінде талдаудың өзі біршама тұйыққа тірелгендей болғанын ғалымдар да атап көрсетеді. Себебі, бір сөйлем екінші сөйлемсіз мәтін тұтастығын жасай да, сақтай да, көрсете де алмайтыны белгілі бола бастады. Ал сөйлемнен де ірі бірліктер (біздің ойымызша синтагмалар) құрылымы жағынан белгілі синтаксистік ережелерге онша бағына қоймайтыны да анықталды.

Мәтінтанудағы бұл әдістердің бұрыннан белгілі сөйлемді синтаксистік талдау әдісімен жүріп кеткендігін, ондай әдістерді қолдану арқылы мәтінді сөйлеммен тең дәрежеде қарауға алып келе жатқандығын, сондықтан ғалымдардың мәтінді, оның құрамы мен ішкі «әлемін» талдаудың басқа да әдістері болуы мүмкін екенін ойлауына мүмкіндік берді.

Соның нәтижесінде бірқатар ғалымдардың мәтінді дискурстық тұрғыдан қарауға бетбұрыс жасалғаны байқалады. Нақты айтқанда, мәтінді коммуникативтік жүйенің маңызды элементі ретінде түсіну, сол аспектіден танып-талдау жолы ұсынылды. Бірақ бұл дискурстық талдау тек коммуникативтік ұстанымды бастапқы орынға қоятындықтан, мәтінтануда алдыңғы орынға шыға алмайтынын айтқан ғалымдардың пікірі де бар.

Қазіргі кезеңде мәтінтануды дамытуға, тірелген тұйықтықтан алып шығуға қатысты түрлі зерттеулер мен пікір-ұсыныстар белгілі. О.В.Митина, А.С.Евдокименко мәтінді талдау әдістерінің әдіснамалық негіздерін қарастырған мақаласында мәтінді талдаудың белгілі 10 әдістемесін талдап көрсетеді, атап айтсақ:

- интент-талдау;
- контент-талдау;
- фоносемантикалық талдау;
- дискурс-талдау;
- нарративтік талдау;
- мәтінді сараптамалық бағалау әдісі;
- графематикалық талдау;
- морфологиялық талдау;
- синтаксистік талдау;
- семантикалық талдау [1].

Бұл қатардан біз жүйелік талдау әдісін көре алмаймыз. Ал Ахмет Байтұрсынұлының құрмалас сөйлемдер мен оның түрлерін талдау өрнектерінен біз жүйелік әдістің шебер қолданылғанын және оның сөйлемді талдаудан гөрі мәтін талдауға жақын келетін әдіс екенін де көре аламыз. Мәтін дегенде оны құрайтын сөйлемдердің саны қанша болу керек деген мәселенің ғылымда басы ашықталмағаны белгілі. Бір мәтіндік мазмұнды бір өзі арқалап тұратын сөйлемдер болуы да мүмкін деп саналады. Осы тұрғыдан алғанда, Ахмет Байтұрсынұлының құрмалас сөйлемдерді мағыналық және құрылымдық түрлері бойынша талдаған әдістерден тұтас мәтіннің табиғатын танытатын ерекше талдау үлгісін яғни жүйелік

талдау әдісін көруге болады.

Ахмет Байтұрсынұлы қолданған «Іргелес сөйлемдер» терминінің өзін жүйелік талдау әдісі тұрғысынан қарастыратын болсақ, бұл жерде ғалымның берген анықтамасына терең назар салуымыз керек. «Сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық болады. Бірі – ішкі, бірі – тысқы. Ішкі жақындық – мағана жүзіндегі жақындық. Тысқы жақындық сөйлемдерді бір-біріне жанастыру жүзіндегі жанастық. Мағана жақындығынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер іргелес деліп, мағана жақындығынан басқа қисын жақындығы бар сөйлемдер құрмалас деліп аталады» [2, 206].

Тіл жүйесі – статикалық күйдегі жүйе, ал мәтін сөйлеу туындысы ретінде динамикалық жүйе болып келеді. Мәтін тілден құралады және сөйтіп мәтін өзі де тілді байытады, толықтырады, сақтайды. Ал жүйенің тұтастық, эмердженттік, құрылымдық, компоненттерінің ішкі иерархиялылығы және олардың өзара байланысы, жүйенің ашықтығы немесе жабықтығы, жүйенің белгілі бір мақсатқа лайықталатындығы сияқты маңызды қасиеттері тіл бірліктерінен құралатын мәтінге де тән болып келетінін көру қиын емес. Ахмет Байтұрсынұлының «сыйысулы құрамалас» терминіне қатысты талдаулар жасау барысында ғалымның жүйелік талдауға симметрия, асимметрия тұрғысынан келгені туралы қарастырып өткенде, құрмалас сөйлемдерді талдауында мәтінтанудың белгілері танылғанын айтып өткенбіз [3].

### Нәтижелер және оларды талқылау

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл Құрал» кітабындағы синтаксис жүйесіне байланысты мысал-өрнектері мен оларға берілген анықтамасын талдау барысында қызықты талдау үлгісін аңғаруға болады. Бірақ бұл ерекшеліктерді тек жүйелік әдісті қолданып талдау арқылы ғана көре аламыз. Кітаптағы «Іргелес сөйлемдерге» берілген өрнектер»:


«1) Күн ашық. Тоғайлар шат. Ың-жың орман.

2) Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді.

3) Біссімлдә, безгелдек! Бұлай жатсын дуадақ! Сыбағама қоңыр қаз. Үлесіме үш үйрек.

Екі сартқа бір тартар, аққуды батыр екең атар».

Осындағы 1-ші қатардағы сөйлемдерде Ахмет Байтұрсынұлы «жақсы күннің жайын сөйлеген ой іргесінің біргелігі барын» атап көрсетеді. Осы сөйлемдер қатарын мәтіннің табиғатына сәйкес белгілер бар екенін және оны үйреншікті сөйлем талдаумен шатастырмай, тұтастықтың жүйе ретіндегі болмысын танитын жүйелік әдіспен талдаймыз. Жүйелік әдіс қарастырылып отырған нысанға кешенді нысан ретінде қарастыра отырып қолданылатыны белгілі. Бір жағынан алғанда, ол нысан тұтастықты білдіреді, ал екінші жағынан алғанда, ол өзінен ірі тұтас жүйенің бөлшегі ретінде көрінеді.



Сурет №1. «Іргелес сөйлемдердің» орналасу еркіндігінің микро-кеңістік көрінісі

Бұл жерде тұтас мәтіндік ақпаратты беріп тұрған сөйлемдердің іргелес орналасуы оларда қозғалыс еркіндіктерінің барын көрсетеді:

Күн ашық. Тоғайлар шат. Ың-жың орман.

Тоғайлар шат. Күн ашық. Ың-жың орман.

Ың-жың орман. Күн ашық. Тоғайлар шат.

Бірақ орын ауыстырғанымен «Жақсы күн» тақырыбына нұқсан келмейтінін анық көру қиын емес. Жүйе теориясына сүйенсек, бұл жерде жүйенің компоненті ретінде келген сөйлемдер арасында микро-кеңістіктер бар екенін түсінуге болады. Ол микро-кеңістіктер әрбір берілген сөйлемді одан әрі толықтыра түсуге, өзгертуге, тіпті әрқайсысын микро-тақырып етіп алып, бір абзац құрауға болатын мүмкіндіктер береді. Осылайша, бұл сөйлемдердің «іргелес орналасуындағы» осы ерекшелікті Ахмет Байтұрсынұлының терең тілдік сезім көрегендігімен танығанын атап кетуіміз керек.

Мәтінді жүйе ретінде қарастыруда оны көпқырлы нысан ретінде және тілдік заңдылықтарда әлі анықталмаған басқа да ғылыми мәліметтерді ескере отырып кешенді талдауды қолдау қажет. Бұл жерде кешенді дегенді фонетика, лексика, грамматика деп қана, тілдің ішкі жүйесінен тағы шыға алмай қалу болуы мүмкін екенін ескеру керек. Бұл жердегі айтылып отырған кешенділік тіл заңдылықтарымен бірге басқа да ғылыми мәліметтердің интегративтілік қызметі арқылы талдау дегенді білдіреді. Жүйе теориясының басты пәні – тұтастықтың ұйымдасуы, айнымалылар саны шектеулі болмауы, талдауды механистік жолмен емес, түрлітекті бір-біріне ұқсамауы да мүмкін болатын шынайылықтар жиындар ретінде тани отырып жүргізу, түрлі ғылым салаларындағы заңдылықтардың изоморфизміне негізделген біртұтастықты ұстанатын перспективалық идеяны басшылыққа алу [4].

Келесі «Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді» деген іргелес сөйлемді осы идеямен байланыстыра қарастырайық. Ахмет Байтұрсынұлы бұл сөйлем туралы «2-мысалға алынған сөйлемдер арасында кеш уақытта болған уақиға жайын сөйлеген ой іргесінің ғана біргелігі бар» деп көрсетеді. Бірақ А.Байтұрсынұлы бұл яғни екінші мысалының алдыңғы мысалдан ерекшелігі барын өзі де сезгені анық. Олай болмаған күнде бір мәселені, бұл жерде «ой іргелігі» деген мәселені, қайта-қайта көрсетпеген болар еді. Ол қандай ерекшелік болуы мүмкін? Бұл сұраққа жауапты осы яғни 2-мысалдағы үш сөйлемнің біртұтастық танытып тұрған мәтіннің жүйелік болмысын оның ішкі құраушыларының орналасу ерекшеліктерінен таба аламыз. Орын ауыстыру жағынан қарағанда, комбинацияның екі мүмкіндігі мағына жағынан дұрыс болуы мүмкін, олар:

Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді.

Күн кеш болды. Батыр сасайын деді. Ат болдырды, ел көрінбеді.

Ал егер күштеп, үшінші тізбек жасайтын болсақ, онда: «Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді. Күн кеш болды» дегендегі «Күн кеш болды» сөйлемінің тақырыптың өзегін арқалып тұрған рөлі азайып қалатындай. Бұл сөйлемнің өзі тақырыптық жүкті арқалап тұрғаны белгілі, сондықтан оның орны да алғашқы позицияда тұруы берілген мағынаның ашылуына жұмсаған қызметі болып тұрады. Ал іргелес сөйлемнің соңында тұрған кезде де тақырыпты жинақтап тұру қызметін, яғни «батырдың сасқандығының негізгі себебін» тануға болады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Іргелес сөйлем» деп көрсеткен тақырыбында берілген үшінші қатардағы іргелес сөйлемнің өзіндік ерекшелігі де көзге ұрып тұр деуге болады: «Біссімідә, безгелдек! Бұлай жатсын дуадақ! Сыбағама қоңыр қаз. Үлесіме үш үйрек. Екі сартқа бір тартар, Аққуды батыр-екең атар». Бұл іргелес сөйлемдердің жинақталып келіп, мәтін құрауында танылатын адамның барлық тыңдаушының қабылдауына ерекше түрде әсер етуге арналған интеллектуалдық әрекетінің, дыбыстық үйлесімділіктің, тұтас бір «үлес-олжаны» бөлісудің ретін тыңдаушының көз алдына картина сияқты көрсете алатын әрекетінің ерекше бір қуаттылығын көре аламыз. Бұл сөйлемдердің «авторы» болған адамның, түптеп келгенде, барлық құстарды өзі олжалайтынын және бәрінің ретімен өзіне тиесілі екенін көрсетуін айрықша интеллектуалдық тәсілмен айта білген. Бұл жерде тіл бірліктерінің мәтін құруға ұмтылып, өзінің табиғатында жинақталған барлық асыл дерлік қызметін сол мәтін деңгейінде ашуға арнауы тілдің, В.фон Гумбольдт айтқандай, тіл тек нәтиже «Ergebnis» ғана емес, тіл энергия жасаушы «Energeia» және табиғатының құпиясымен байланысты деп ойлаймыз [5, 37]. Ал осы іргелес сөйлемдерді жинақтаушы қуатқа ие болып тұрған сөз әрине, «Біссімідә» сөзі екені анық. Өйткені, бұл сөздің істің басында айтылатын сөз екені белгілі. Сондықтан бұл қатардағы іргелес сөйлемдердің еркіндігі бірінші және

екінші қатарда көрсетілген сөйлемдерден гөрі аздау.

Біссімілдә, безгелдек! дегеннің орны ауыстырылмайды, оның орны - бастапқы орын. Қалған «Бұлай жатсын дуадақ! Сыбағама қоңыр қаз. Үлесіме үш үйрек. Екі сартқа бір тартар, аққуды батыр-екең атар» деген сөйлемдерді тұтастырып тұратын ерекшеліктердің бірі - сөйлеу ритмі. Бұл-дағы тілдегі рухани энергияның тыңдаушысын еліктіріп тұратын, сөйлеуші мен тыңдаушыға сыртқы дүниедегі алдын ала таныс болып тұрған нәрселердің, тіл дыбыстарының қуатымен ішкі рухани әрекеттің сыртқа шығарылуы және жаңаша мәтін түрінде жасалған соң, жаңаша қабылданып, жаңа біртұтастық табиғатқа ие болуы процесі.

Әрине, бұл жерде мәтін талдаудың этнографиялық аспектісі қосылатын болса, дуадаққа неге «бұлай жатсын» делінетіні, «сыбағаның» неліктен «қоңыр қаз» болатыны, «үлеске» «үш үйректі» де неге алатыны, «аққуды» да неге өзі атып алатынына ұзақ талдаулар жасалынып, қысқа ғана сияқты көрінген осы бес сөйлемнен тұратын іргелес сөйлемдегі тұнып тұрған тарихи ақпараттарды ашуға болатыны анық. Оның барлығына тілдің жүйелік сипатына терең мән беріп және жүйелі тілден шыққан туындының жүйелі әлемге шығарылуы арқылы «тіл-адам-тіл» деген биік деңгейдегі жүйені талдау арқылы қол жеткізуге болады.

### **Қорытынды**

Мәтінтанушы ғалымдардың мәтіннің онтологиясын талдап-тануда көптеген ғылым заңдылықтарына «жүгіне» отырып, мәтіннің ерекшеліктерін тіл бірліктерінің функционалдық қызметінен іздеуден бастап, психология, этнография, логика, философия ғылымдарының кеңістіктеріне барлап кеткенін көреміз. Бұлай талдауда лингвистикалық заңдылықтардың шет қалған сияқты болатын бір көрінісі де байқалады. Шындап келгенде, әр тіл бірлігінің өмірі мәтін құру арқылы шынайы танылатыны белгілі. Ал мәтін тек өзін құраушы тіл бірліктерінің заңдылықтарымен танылуына көнбейді. Бұл жерде Ахмет Байтұрсынұлы заманынан бергі дамыған мәтін теориясының мәліметтерін де ескеруіміз қажет екені белгілі. Осы тұста Ахмет Байтұрсынұлы заманында мәтіннің лингвистика нысаны ретінде танылмағанын да назарда ұстауымыз керек. Ал «Іргелес сөйлемдер» деп атап, сол туралы Ахмет Байтұрсынұлының жазғандарынан мәтінтанудағы ерекше жолдарды тануға болатынына мойын бұрып, ден қоюға міндеттіміз.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Митина О.В., Евдокименко А.С. Методы анализа текста: методологические основания и программная реализация. Вестник ЮУрГУ, Серия «Психология», выпуск 11, № 40, 2010. С. 29-37.
2. Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: АбзалАй, 2013. 640 б.
3. Құрман Н.Ж. Құрмалас сөйлем жүйесіндегі симметрия және асимметрия көріністері және оларды тану қажеттіліктері. Жинақ: «Н.Сауранбаев және қазақ тіл білімі». Н.Сауранбаев мұраларына арналған ғылыми конференция материалдары. Алматы: ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2000. Б.71-76.
4. Садовский В.Н., Бернштейн В.О. Общая теория систем / Гуманитарный портал: концепты [Электронный ресурс]. Центр гуманитарных технологий, 2002–2026 (последняя редакция: 25.02.2026). URL: <https://gtmarket.ru/concepts/7102>
5. Гумбольдт Вильгельм фон. «Избранные труды по языкознанию». Москва: Прогресс, 1984. С. 398.

### **References**

1. Mitina O.V., Evdokimenko A.S. Metody analiza teksta: metodologicheskie osnovaniya i programmnaya realizaciya. – Vestnik YUUrGU, Seriya «Psihologiya», vypusk 11, №40, 2010. S.29-37.
2. Ahmet Baitürsynuly. Qazaq til biliminiñ мәseleleri. Almaty: AbzalAi, 2013. 640 b.
3. Qürman N.J. Qürmalas söilem jüiesindegi simetria jäne asimetria körinisteri jäne olardy tanu qajettilikleri. Jinaq: «N.Sauranbaev jäne qazaq til bilimı». N.Sauranbaev müralaryna arnalğan ғылыми konferensia materialdary. Almaty: ŪĜA A.Baitürsynuly atyndaғы Tıl bilimı instituty, 2000.

В.71-76.

4. Sadovskij V.N., Bernshtejn V.O. Obshchaya teoriya sistem / Gumanitarnyj portal: koncepty [Elektronnyj resurs]. Centr gumanitarnyh tekhnologij, 2002–2026 (poslednyaya redakciya: 25.02.2026). URL: <https://gtmarket.ru/concepts/7102>

5. Gumbol'dt Vil'gel'm fon. «Izbrannye trudy po yazykoznaniiu». Moskva: Progress, 1984. S. 398.

## ПРОЯВЛЕНИЯ ТЕОРИИ ТЕКСТА В РАБОТЕ АХМЕТА БАЙТУРСУНУЛЫ «ТІЛ ҚҰРАЛ» (ЯЗЫКОВОЙ ИНСТРУМЕНТ)

КУРМАН Н.Ж. 

**Курман Несібелі Жәкенқызы** – Доктор педагогических наук, профессор, Казахстанский филиал МГУ имени М. В. Ломоносова, г. Астана, Казахстан

**E-mail:** [nessibeli\\_k@mail.ru](mailto:nessibeli_k@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-5757-9031>

**Аннотация.** В статье анализируются проявления теории текста, представленные в синтаксическом разделе книги Ахмета Байтурсынулы «Тіл Құрал». Известно, что теория текста как раздел лингвистики начала формироваться в 50-х годах XX века. Хотя книга Ахмета Байтурсынулы «Тіл Құрал» была написана в начале XX века, анализ языковых особенностей текста в ней открывает путь к распознаванию проявлений до сих пор неясного лингвистического феномена между синтаксисом предложения и грамматикой текста. Важно анализировать специфические логические связи в текстообразующей функции предложений как языковые правила, играющие важную роль в формировании не только конкретного текста, но и текстов вообще, на примере конкретных языковых моделей. Поэтому текстообразующие связи в трудах Ахмета Байтурсынулы следует глубоко проанализировать и выявить их особенности. При рассмотрении данного вопроса опираясь на результаты развития отраслей современной лингвистики и анализа с новых точек зрения, следует показать, что Ахмет Байтурсынулы в своем труде заложил основы теории текста. Важно провести наблюдение за функцией предложений в формировании сложного синтаксического целого и их постепенным преобразованием в компоненты образующие текст, а также определять их «след» в формировании целостной мысли.

**Ключевые слова:** Ахмет Байтурсынулы, «Тіл Құрал», текстообразующая функция, особая логическая связь, теория текста.

## APPEARANCES OF TEXT THEORY IN AHMET BAITURSUNOV'S WORK «TIL KURAL» (LANGUAGE TOOL)

KURMAN N.ZH. 

**Kurman Nesibeli Zhakenkyzy** – Doctor of pedagogical sciences, professor, Kazakhstan Branch of M.V. Lomonosov Moscow state university, Astana, Kazakhstan

**E-mail:** [nessibeli\\_k@mail.ru](mailto:nessibeli_k@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-5757-9031>

**Abstract.** This article analyzes the manifestations of text theory presented in the syntactic section of Akhmet Baitursynuly's book «Til Kural». It is known that text theory as a branch of linguistics began to emerge in the 1950s. Although Akhmet Baitursynuly's book «Til Kural» was written in the early 20th century, an analysis of the linguistic features of the text in it opens the way to recognizing the manifestations of a hitherto unclear linguistic phenomenon between sentence syntax and text grammar. It is important to analyze the specific logical connections in the text-forming function of sentences as linguistic rules that play a significant role in the formation of not only a specific text but also texts in general, using specific linguistic models as examples. Therefore, the text-forming connections in Akhmet Baitursynuly's works should be thoroughly analyzed and their characteristics identified. In examining this issue, drawing on the results of developments in modern linguistics and analysis from new perspectives, it should be shown that Akhmet Baitursynuly laid the foundations of text theory in his work. It is important to observe the function of sentences in the formation of a complex syntactic whole and their gradual transformation into components that form the text, as well as to determine their «trace» in the formation of a coherent thought.

**Key words:** Akhmet Baitursynuly, «Til Kural», text-forming function, special logical connection, text theory.